

Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығу мәселесіне

Макашева К.Н. - т.ғ.о. профессор.

Сияқұлова С.А. – халықаралық қатынастар магистрі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, m.klara@mail.ru, saida_93.93@mail.ru

Мақалада Ұлыбританияның Еуропалық Одақтағы орны мен рөлі, мүшелігі және бірлестіктен шығу-шықпау мәселесі қарастырылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшесі, көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі, демократиялық құндылықтар елі және әлемнің бесінші экономикасы–Ұлыбритания бүгінде Германия және Франциямен қатар Еуропалық Одақтың ең басты бөлшектерінің бірі. Мәңгілік Тұманды Альбион елінің Еуропалық Одақта әрқашан орны ерекше. Біріншіден, Ұлыбритания ЕО-ғы көлемі жағынан екінші үлкен мемлекет, екіншіден, әлемдік саяси үрдістің белсенді мүшесі және де Біріккен Ұлттар Ұйымының вето құқығына ие тұрақты мүшесі.

Еуропалық Экономикалық Қауымдастық 1957 жылы құрылды. Британ Достастығы елдері мен АҚШ-мен сауда қатынасы үлкен экономикалық пайда әкеледі деген себеппен Ұлыбритания Қауымдастыққа кіруден бас тартты. Десек те, 1973 жылы Қауымдастықтың сәтті дамуы көрінісінде Ұлыбритания бірлестікке мүше болып кірді. Ұлыбритания ЕО шеңберінде саяси және экономикалық мәселелерде барынша тәуелсіздікті сақтауға тырысады. Ағылшындар ЕО-тың ең ірі жобалары – еуро аймақ және ортақ шекараларда визалық бақылауды қарастырмайтын Шенген келісіміне қосылмады. Сондай-ақ, Ұлыбритания ЕО елдерінің келісілген салықтық және бюджеттік саясат жүргізуді қарастыратын Бюджеттік пактіге де қол қоймады. Ұлыбританияның ЕО құятын жарнасы ең үлкендерінің бірі, қазірде ол жылына 11 млрд. еуроны құрайды. Ұлыбритания мен оның серіктестері арасында көші-қон дағдарысы, мигранттарды орналастыру мәселелері бойынша бірнеше рет келіспеушіліктер орын алды. Экономикалық дағдарыс жағдайында Ұлыбританияда оның ұйымдағы мүшелігі туралы наразылықтар күшейді.

Кілтті сөздер: Ұлыбритания, еуро аймағы, Шенген келісімі, консерваторлар, референдум, саммит, мигранттар, иммигранттар, сауда, тәуелсіздік, салық саясаты, миграциялық дағдарыс, мүшелік жарна.

Қырғи қабақ соғысының аяқталуымен басталған қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің маңызды ойыншысы, Кәрі Еуропа құрлығында орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшесі, көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі, демократиялық құндылықтар елі және әлемнің бесінші экономикасы–Ұлыбритания бүгінде Германия және Франциямен қатар Еуропалық Одақтың (ЕО) ең басты бөлшектерінің бірі [1]. Лондонның аймақтық бірлестікке бағытталған құрамына 28 Еуропа елдері кіретін Одаққа мүшелігі 1973 жылдан басталады. 1957 жылы Еуропалық Экономикалық Қауымдастыққа (ЕО-тың негізін қалаушы ізашары) кіруден бас тартқанымен, кейіннен 1973 жылы құрылымның сәтті дамуының көрінісінде қауымдастыққа мүше болды. Десек те, о бастан-ақ ағылшындық тарап экономикалық және саяси мәселелерде барынша тәуелсіздікті сақтауға талпынды. Осылайша, Англия ЕО-тың ең ірі интеграциялық жобалары - еуро аймағы (1999) мен ортақ шекараларда визалық бақылауды жоюды қарастыратын Шенген келісіміне (1995 жылы күшіне енді) қосылмады. Сонымен қатар, Ұлыбритания 2013 жылы күшіне енген ЕО елдерінің бірлескен салықтық және бюджеттік саясатын қарастыратын Бюджеттік пактіге де қол қоймады. Бірлестіктің негізін қалаушылардың қатарынан болмаса да, Англия осы мерзім ішінде ұйымдағы өзіндік саяси және экономикалық мінезі қалыптасқан, аса беделді мүшесіне айналғаны хақ.

Мәңгілік Тұманды Альбион елінің Еуропалық Одақта әрқашан ерекше орны болды. Мұны бірнеше факторлармен сипаттауға болады. Біріншіден, Ұлыбритания ЕО-ғы көлемі жағынан екінші үлкен мемлекет, екіншіден, әлемдік саяси үрдістің белсенді мүшесі және де Біріккен Ұлттар Ұйымының вето құқығына ие тұрақты мүшесі. Сол себепті құрлықтық Еуропа Лондонмен ынтымақтастық қысқарса, айтарлықтай шығынға тап болуы әбден ықтимал.

төртіншіден, ұлттық парламент шешім қабылдаудағы құқығы жоғары болуы тиіс, яғни ұлттық парламент ЕО-тың заңды жобаларын қабылдамау мүмкіндігіне ие болуы керек деген сұрақтарды қамтиды. Біріккен Корольдіктің бірінші талабынан басқа қалған үшеуімен келісу мүмкін болса, әлеуметтік жәрдемақыларды қысқартумен келісу қиынға соғады. «Еуропалық Одақтың өмір сүруінің негізгі және басты құндылығы болып табылатын «ЕО барлық азаматтарына теңдей құқық» қағидасы өзгертуге келмейді», - дейді Литва президенті Даля Грибайкайте [2]. Шығыс Еуропа елдері бұл талапты қабылдағысы жоқ, себебі мемлекет басшылары өз азаматтарының дискриминацияға ұшырауына жол бергісі келмейді.

Саммит аяқталғаннан кейін 2016 жылдың 20 ақпанында Біріккен Корольдіктің премьер-министрі Дэвид Кэмерон Лондондағы өзінің Даунинг-стрит ресми резиденциясының алдында жасаған ресми мәлімдемесінде Еуропалық Одақ пен Ұлыбританияның болашағын анықтайтын референдум 2016 жылдың 23 маусымында өтетіні жария етті. Алайда, саясаткер елінің құрылымнан шыққанын қаламайтынын өзінің: «ЕО-тан шығу біздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіреді», - деген сөзімен білдірді [3]. Бұл мәселе жөнінде Корольдіктің тұрғындарының пікірлері екіге бөлінді. 19 ақпан күні TNS халықаралық тобы жүргізген сауалнаманың нәтижесін қорытындыласақ, Біріккен Корольдіктің ЕО-тың бөлігі болуды тоқтатысын деген пікірді 36 % қатысушылар қолдап, 34%-ы мемлекетаралық бірлікте қалуды жақтады. Сауалнамаға қатысқандардың 7%-ы референдумға қатыспайтындары туралы айтса, қалған 23% жауап беруге киналды [4].

Қазіргі уақытта Ұлыбритания мен Еуропалық Одақ арасында бірқатар келіспеушіліктер бар. Оның негізгісі – Еуропалық Одақтың иммигранттарға қатысты саясаты. Осы қайшылық премьер-министр Дэвид Кэмеронның референдум өткізу туралы ұсынысын туындатты. Осы уақытқа дейін еуропалық бірлестік жақтастары «еуроскептиктерді» иммигранттар экономикаға пайда келтіріп жатыр деген дәлелемен басып келді. Мәселен, Шығыс Еуропадан келген иммигранттар 2001-2011 жылдар аралығында британ экономикасына өздері алғаннан сомадан 7.9 млрд. доллар артық кіріс әкелген. Десек те, арнайы жүргізілген зерттеулер бойынша иммиграция мәселесі Ұлыбританияда алдыңғы орынға шыққан. Оның негізгі себептері – иммигранттардың жұмыс орнына таласуы, мемлекеттік қызметтер, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және денсаулық сақтау [5]. Сондай-ақ, Еуропалық Одақтың ішінде айтарлықтай проблемалар да жоқ емес, атап айтқанда, көптеген әлсіз мемлекеттердің дағдарыстық экономикалық жағдайын дамыған елдердің бюджеті есебінен толықтыру.

ЕО елдерінен Англияға жылына 300 мыңдай мигранттар жұмыс мақсатымен келеді. Олардың негізгі бөлігі Шығыс Еуропа, яғни Польша, Балтық елдері, Оңтүстік-Шығыс Еуропаның азаматтары. Олардың көпшілігі жұмысқа орналаспай тұрып британдық әлеуметтік жүйенің жеңілдіктерін пайдаланады. Соңғы жылдары жұмыс мигранттарына Африка және Таяу Шығыстан келетін босқындар қосылды [6]. Бұл жағдай британдық саяси өкілдер мен халықтың алаңдауына қосымша негіз береді.

Британияның Еуропалық Одақ құрамынан шығуы екі тарапқа да кері әсер ететіні сөзсіз. Лондон үшін бұл жағдай Еуропадағы беделінің төмендеуімен аяқталуы мүмкін. Еуропалық Одақ аймағында еркін жүріп-тұру құқығынан айрылған жағдайда басқа Еуропа елдерінде тұратын 1.4 млн. британдықтар мәселесі, одан кейін Англияда тұратын ЕО мүше елдерінің 2.5 млн. азаматтарының мәселесі туындайды. Экономикалық жағдай да қиындай түседі. Ал Еуроодақ үшін Британияның бірлестіктен шығуы бүкіл еуропалық жоба идеясына көлеңке түсіріп, басқа да мүшелердің шығуына, яғни тізбекті реакцияға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Еуропалық Одақ Англияның талаптарын қабылдағанымен, иммигранттар үшін шекараны жабу өте қауіпті, себебі бір ашылған қақпаны қайта жабу қиынға соғады. Мультимәдениет түсінігін кеңінен қолдап, иммигранттарға жол ашқан Еуропа бүгін келімсектердің шектен тыс ағынын тоқтата алмайтын дәрежеге жетті. Босқындардың келуінің бақыланбаған ағынына дейін бір Францияның өзіне мұсылман елдерінен 9.5 млн. келімсектер келген [7]. Одан кейін

тағы да қаншама босқындар Еуропаны келіп паналады. Әр елде тұрақталған иммигранттардың саны біразға жетіп, жер-жерлерде өздерінің анклавтарын құрған. Сол себепті де иммигранттар Еуропадағы азаматтық соғыстың басталуына түрткі болмас үшін оларды елден қуып немесе шекараны жабу өте қауіпті.

Халықаралық қауымдастық бұл мәселеге әртүрлі көзқарас білдіруде, әсіресе, саясаткерлердің ой-пікірлері бір арнаға тоғыспайды. Германияның қаржы министрі Вольфганг Шойбле ағылшындардың бірлестіктен шығуы тұрақсыздыққа алып келіп, сәйкесінше бұл жағдай Ұлыбритания, Еуропалық Одақ және жаһандық экономика үшін у болып табылатынын айтқан еді [8]. Дәл осындай ойды Францияның премьер-министрі Манюэль Вальс [9], Еуропарламенттің төрағасы Мартин Шульц [10], Польша президенті Анджей Дуда [11] да айтқан еді. Дипломаттардың айтуы бойынша егер Ұлыбритания Еуроодақтан шықса, бұл Ұлыбританияға да, Одаққа да кері салдарын тигізіп, Еуропаны әлсіретеді. Бұл мәселеге қатысты Еурокомиссар Пьер Московиси: «Бізде ешқандай да «Б» жоспары жоқ. Бізде тек бір жоспар бар, ол – Біріккен Корольдік бірлескен Еуропа құрамында қалады», - деген болатын [12]. АҚШ-ның мемлекеттік хатшысы Джон Керри Мюнхендегі қауіпсіздік жөніндегі конференцияда тек біріккен жағдайда ғана Еуропа бұрынғысынан да мықты бола түсетінін айтып, Ұлыбританияны ЕО-ғы мүшелігін сақтап қалуға шақырды [13]. Сондай-ақ, Үлкен жиырмалықтың (G20) қаржы министрлері де: «Тұманды Альбион елінің Еуроодақтан шығуы әлемдік экономика үшін шок болады», - деп ескертті [14]. Мұны британдық министр Джордж Осборн да құптап, қолынан келгенше барынша интеграциялық бірлестікте қалудың жағдайын жасауға уәде берді. Халықаралық қауымдастықтың белді өкілдерінің ішінде ағылшындағы еуропалық құрылымнан шығуын жақтайтындар да табылады. Нақтырақ айтсақ, бұл ұсынысты Лондонның әкімі Борис Джонсон қолдап отыр. Ол өз елінің Еуроодақ қатарынан шығуын абактыдан шығумен бірдей деп теңеп отыр. Ал Ұлыбританияның Сауда палатасының атқарушы директоры Джон Лонгуорт: «Ұлыбритания Одақтан шыққаннан кейін бұдан да дәулетті болады», - деп мәлімдеген еді. Алайда, Лондонның ресми өкілі осы сөзінен кейін өзінің жұмыс орнынан кетуге мәжбүр болды [15].

Ұлыбританияның Еуроодақтың жалпы ортақ бюджетіне қосатын жарнасы – 14 млрд. фунт стерлингті құрайды. Д.Кэмеронның пікірінше бұл сома 2 млрд.фунт стерлингке дейін асыра көтерілген. Жылдық жарнаны есептеуде негізгі параметрлер болып елдің ЖІӨ-нің көлемі, жан басына шаққандағы орташа кіріс, жұмыссыздық деңгейі және т.б саналады. Сонымен бірге ең көп мүшелік жарнаны Германия (25 млрд еуро), одан кейін Франция (19 млрд. еуро) мен Ұлыбритания (11 млрд. еуро) төлейді [16]. Сарапшылардың есебі бойынша, ЕО-тан бұл төленген соманың 7 млрд.фунт стерлингті ғана инвестиция түрінде оралады. Егер мемлекет бірлестіктен шықса, бұл қаржыны төлемейді. «Әрине, бұл қаржы ЕО-қа жетіспейтін болады, бірақ соншалықты айтарлықтай зиян келтірмейді», - дейді European Enterprise Network-тің Лондондағы Greater London Enterprise бөлімшесінің аға кеңесшісі Крис Фармакис [15]. Британдық маманның айтуы бойынша Еуропа бірнеше, соның ішінде саяси және экономикалық шокты бастан кешіреді. Басқа мүшелердің тарапынан да қосымша артықшылықтарға ие болу ниеттері пайда болып, өз кезегінде бұл еуропалық интеграцияның мерзімінен бұрын аяқталуына алып келуі мүмкін. Әрине, еуропалық бірліктің символына айналған Еуропалық Одақтың толықтай күйзелісі болмаса да, құрылым бұрынғыдай болмайды деген саяси болжамдар шындыққа жанасатын тәрізді.

Ресей Федерациясының Сыртқы Істер Министрлігінің жанындағы МГИМО ғалымдары Ұлыбританияның ЕО-тан бөлінуінің төмендегідей бес негізгі сценарийін көрсетті:

- Бірінші нұсқа «норвегиялық» деген атауға ие болды. Бұл нұсқа бойынша Англия ЕО құрымынан шығып, экономиканың қаржылық секторын санамағанда бірыңғай еуропалық нарыққа жол ашатын еуропалық экономикалық аймаққа қосылады. Бұл ретте Норвегияның

1960 жылдардан бастап қаржылық нарықты құқықтық реттеуді өздігінше анықтау құқығына ие болуға тырысканын еске түсірген жөн.

- Екінші нұсқа – «швейцариялық». Бұл сценарийдің мәні - Біріккен Корольдік ЕО құрамына кірмей, Еуропалық экономикалық кеңістікке қосылмай Швейцарияның үлгісі бойынша экономиканың әр секторы бойынша келісімге отырады.
- «Түрік» нұсқасына байланысты Лондон Брюсселмен жалпы еуропалық нарыққа еркін кіру мүмкіндігін беретін, бірақ қаржылық ынтымақтастық саласында шектеулер болатын кедендік одақ туралы бітімге келеді.
- «Классикалық» нұсқа жүзеге асқан жағдайда Лондон мен Брюсселдің өзара әрекеттестігі Дүниежүзілік сауда ұйымының ережелері негізінде жүруі мүмкін.
- Бесінші сценарий «швейцариялық нұсқа +» деген атауға ие болды. Бұл нұсқа қаржылық нарықта өзін-өзі ұстау ережелерін құру және еркін сауда серіктестігі туралы жалпыға ортақ келісім дайындауды қарастырады [6].

Аталған нұсқалардың орындалу-орындалмауы екіталай. Десек те, бұл мәселе төңірегінде екіге бөлінген жақтастар мен қарсыластардың ойлары келісер емес. Біреулері Ұлыбританияның шығуын қолдап, ел экономикасы дамып, жұмыс орындары көбейеді, әсіресе орта және шағын бизнес дамиды десе, екіншілері, керісінше, жұмыс орындары азайады деп алаңдап отыр. Бұл, әсіресе, британ нарығындағы барлығы дерлік шетелдік компанияларға тиесілі автокөлік өндірісіне қатысты. Референдумнан кейін шетелдік компаниялар өндірісін Англияда сақтап қалама, әлде басқа ЕО елдеріне ауыстырама белгісіз. Егер трансұлттық компаниялар өндірістерін басқа орталықтарға ауытырса, онда ағылшындар біраз жұмыс орындарынан айрылады. Елдің ЕО қалуын жақтайтындардың айтуынша, ЕО - британдық тауар және қызмет экспортының 52 % [17] үлесі тиесілі Ұлыбританияның негізгі сауда серіктесі. Сол себепті сауда кедергілері туындамас үшін Одақ құрамында қалған жөн санайды.

Дэвид Кэмерон бастаған британдық саяси топтар еуропалық бюрократиямен келіссөздер жүргізіп, екі тарапқа да тиімді тоқтамға келгендей болды. 40 сағатқа созылған келіссөздер қорытындысы бойынша ЕО 28 елінің президенттері мен премьер-министрлері мақұлдаған құжатқа сүйенсек, Біріккен Корольдік қана емес басқа да ЕО мүше елдері 2017-2023 жылдар аралығында, яғни 7 жыл бойы қайтадан келген иммигранттарға жұмысқа орналасқан сәттен бастап алғашқы төрт жыл бойы әлеуметтік төлемақы төлемеу құқығын алды. Онымен қоса иммигранттардың өз туған жерлерінде қалған балаларына да берілетін жәрдемақыны сол елдің өмір сүру деңгейінің индексіне шақтап беріледі деп шешілді. Бұл индекс қайта келген иммигранттарға 2020 жылға дейін, ал 2020 жылдан кейін барлық иммигранттарға қатысты болады. Сонымен қатар, құжатта басқа елдер декларациялаған «әрі қарай тереңдетілген интеграция» («ever-closer union») туралы маңызды бөлімі Ұлыбританияға қатысы жоқ, яғни бұл тарау бойынша ағылшындар ешқандай міндет алмайды делінген. Келесі маңызды құжаттың бөлімі – ЕО елдерінің өзара құрметтеуі туралы бап. Оған сәйкес еуро аймаққа кіргісі келмейтін елдер ешқандай дискриминацияға ұшырамауы тиіс және еуроның тұрақтылығын сақтауға жұмсалатын шығындарға қатыспайды [18].

23 маусым күні Ұлыбритания мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың жай-күйі мен ЕО және ағылшын халқының тағдыры шешілетін болады. Екі күндік саммит барысында Дэвид Кэмерон қол жеткізген жетістіктер Ұлыбританияның ЕО ішінде қалуын қамтамасыз ету ықтималдығы зор. Ағылшын халқы дұрыс таңдау жасап, бүкіл ЕО-тың тағдыры оңтайлы шешіледі деген үміттеміз.

Әдебиеттер

1. UK to become 'best-performing economy in Western Europe' // <http://www.independent.co.uk/news/world/europe/uk-to-become-best-performing-economy-in-western-europe-a6786316.html>
2. Великобритания гнет свою линию о сохранении членства в ЕС // <http://rus.europe.newsru.ua/article/18928248>
3. Кэмерон: Референдум о членстве Великобритании в ЕС состоится 23 июня // <http://gordonua.com/news/worldnews/kameron-referendum-o-chlenstve-velikobritanii-v-es-sostoitsya-23-iyunya-120834.html>
4. Европейский союз и Великобритания заключили "справедливое соглашение" // <http://baltnews.lt/vilnius/20160220/1014993182.html>
5. Каргашина К.В.: Проблема выхода Великобритании из ЕС: причины и ключевые противоречия // <http://www.scienceforum.ru/2015/1078/13455>
6. Андрей Торин: Выйдет ли Великобритания из ЕС? // <https://interaffairs.ru/news/show/14846>
7. Газета «Журналистская правда»: Британия покидает ЕС? Мнение эксперта // <http://jpgazeta.ru/britaniya-pokidaet-es-mnenie-eksperta/>
8. Минфин Германии назвал «ядом» выход Великобритании из ЕС // http://www.gazeta.ru/politics/news/2016/03/06/n_8335871.shtml
9. Премьер Франции: выход Великобритании из ЕС станет плохим событием для обеих сторон // <http://www.zakon.kz/4776675-premer-francii-vykhod-velikobritanii-iz.html>
10. Шульц: выход Великобритании из ЕС существенно ослабит Европу // <http://politrussia.com/news/shults-vykhod-velikobritanii-843/>
11. Президент Польши предупреждает о риске краха ЕС в случае выхода Великобритании из союза // <http://politeka.net/148657-prezident-polshi-preduprezhdaet-o-riske-kraha-es-v-sluchae-vyhoda-velikobritanii-iz-soyuza/>
12. Еврокомиссар: Великобритания должна остаться в ЕС // <http://mignews.com.ua/world/11365906.html>
13. Джон Керри призвал Великобританию сохранить членство в ЕС // <http://nv.ua/world/geopolitics/dzhon-kerri-prizval-velikobritaniyu-sohranit-chlenstvo-v-es-97260.html>
14. Предупреждение G-20: Выход Великобритании из ЕС станет шоком для мировой экономики // <http://glavcom.ua/news/365016.html>
15. Александр Скворцов: Покинет ли Великобритания Европейский союз? // http://b-m.info/obshchestvo/pokinet_li_velikobritaniya_evropeyskiy_soyuz/
16. История отношений Великобритании и ЕС. Досье // <http://tass.ru/info/2027244>
17. Какими последствиями грозит выход Британии из ЕС ? // http://www.bbc.com/russian/uk/2016/02/160217_britain_and_eu_brexit_debate
18. Брюссельская победа британского премьера: Великобритания добилась от ЕС особого статуса // http://news.tin.by/world_485593.html

Аннотация

Ұлыбритания – әлемнің дамыған ірі елдерінің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшесі, көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі, демократиялық құндылықтар елі және әлемнің бесінші экономикасы – Ұлыбритания бүгінде Германия және Франциямен қатар Еуропалық Одақтың (ЕО) ең басты бөлшектерінің бірі. Мәңгілік Тұманды Альбион елінің Еуропалық Одақта әрқашан орны ерекше. Біріншіден, Ұлыбритания ЕО-ғы көлемі жағынан екінші үлкен мемлекет, екіншіден, әлемдік саяси

үрдістің белсенді мүшесі және де Біріккен Ұлттар Ұйымының вето құқығына ие тұрақты мүшесі.

Кілтті сөздер: Ұлыбритания, еуро аймағы, Шенген келісімі, консерваторлар, референдум, саммит, мигранттар, иммигранттар.

РЕЗЮМЕ

Европейское экономическое сообщество было создано в 1957 г. Считая, что торговля со странами британского Содружества и США, принесет большую экономическую выгоду Великобритания отказалась присоединиться к нему. Но в 1973 г. Великобритания все же вступила в него на фоне успешного развития Сообщества. Великобритания стремилась сохранить максимальную независимость внутри ЕС в экономических и политических вопросах. Великобритания не присоединилась к крупнейшим интеграционным проектам ЕС - к зоне евро (существует с 1999 г.) и к Шенгенским соглашениям, предусматривающим отмену визового контроля на общих границах (вступили в силу в 1995 г.). Великобритания не подписала Бюджетный пакт (вступил в силу в 2013 г.), направленный на проведение странами ЕС согласованной налоговой и бюджетной политики. Британский взнос в бюджет ЕС один из наиболее крупных, в настоящее время он составляет примерно 11 млрд евро в год (ФРГ - 25 млрд; Франция - 19 млрд; Италия - 14 млрд; Испания - 9 млрд; Нидерланды - 6 млрд; Дания - 2 млрд; бюджет ЕС в 2015 г. - примерно 145 млрд евро). Неоднократно возникали разногласия у Великобритании с партнерами по вопросу миграционного кризиса, распределению мигрантов. В условиях экономического кризиса в Великобритании усилилось недовольство пребыванием страны в организации.

РЕЗЮМЕ на англ

----- надо перевести

Сведения об авторах:

Макашева Клара Налдибековна, доктор исторических наук, профессор кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений КазНУ имени Аль-Фараби
Г. Алматы, ул. Воронихина д. 17. Тел. 291 90 68 моб. 8 701 169 90 68 e-mail m.klara@mail.ru

Сиякулова Саида, магистрант 2 курса специальности "Регионоведение" кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений КазНУ имени Аль-Фараби. E-mail: saida_93.93@mail.ru

ниже аннотация и ключевые слова на языке статьи, резюме на казахском (русском), английском языках с включением названия статьи на соответствующем языке. Магистранты, докторанты предоставляют рецензию на статью

К статье прилагаются следующие сведения об авторе (авторах): фамилия, имя, отчество; ученая степень и звание, место работы и должность или место учебы, служебный и домашний адреса, номера служебного и домашнего телефонов, электронный адрес. Рукописи статей направляются в редакцию журналов лично автором или почтой, на бумажном и электронном носителе (диск).